

"Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 159 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 мамырда № 7655 тіркелді

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4945 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 жыл, қыркүйек-қазан) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесінде:

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ортақ мүліктегі кондоминиум қатысушылары үлесінің мөлшері бөлек (жеке) меншікте тұрған (өзге заттық құқықта) тұрғын үйдің пайдалы ауданы мен тұрғын емес үй-жайдың ауданының осы кондоминиум объектісінде тұрған барлық тұрғын үй-жайлардың пайдалы аудандары мен барлық тұрғын емес үй-жайлардың аудандарының сомасына қатынасымен белгіленеді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу кезінде кондоминиум қатысушыларының уәкілетті өкілдері болып:

- 1) кондоминиум қатысушыларының жалпы жиналысында сайланған адам;
- 2) егер ортақ мүліктегі үлестердің мөлшері тұрғын үй қатынастары туралы заңнамалық актіде көзделген тәртіппен айқындалатын болса, кез келген кондоминиум қатысушысы танылады.

Кондоминиум объектісін тіркеу туралы өтінішті кондоминиум қатысушыларының жалпы жиналысында сайланған адам берген жағдайларда, оның өкілеттігі тұрғын үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің жалпы жиналысында хаттамамен анықталады.

Кондоминиумның қатысушысы берген кондоминиум объектісін тіркеу туралы өтінішке осы кондоминиум қатысушысына меншік құқығынын (өзге заттық құқық) негізінде жататын жылжымайтын мүліктің кейінгі объектісіне құқық белгілейтін

құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.»;

13-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен белгіленген ортақ мүліктегі үлестерінің мөлшері.»;

15 - тармақ алып тасталсын;

16-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

16-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

17 - тармақ алып тасталсын;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18.Кондоминиум объектісін тіркеу өтініш тіркеуші органға түскен күннен бастап бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кондоминиум объектісін тіркеген соң тіркеуші орган кондоминиум қатысушыларының үлестерінің есебі туралы құжатты, кондоминиум объектісінің мемлекеттік тіркелгенін растайтын тіркеуші органның мөртаңбасы бар жер учаскесіне құқық белгілеуші және сәйкестендіру құжаттарын өтініш берушіге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне қайтарады.».

2. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б. Имашев